

Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B01 Педагогикалық ғылымдар
Дайындықбағыттарының коды мен жіктелуі	6B017 Тіл және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау
Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	6B01704 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті
Білім беру бағдарламасының бірегейлігі	<p>1. Білім беру бағдарламасы қазіргі білім беру мазмұнының контекстінде кәсіби педагогикалық қызметтің инновациялық әдістемелерін, филологиялық және педагогикалық салалардағы заманауи ақпараттық технологияларды меңгерген, қазіргі әлемде бәсекеге қабілетті бакалаврларды дайындауға бағытталған.</p> <p>2. Бағдарламаның бірегейлігі бірқатар компоненттерді интеграциялау есебінен қамтамасыз етіледі: 1) тілге жүйе ретінде көзқарас білдіруге, тілді когнитивтік, коммуникативтік және әлеуметтік-мәдени парадигмалар аспектісінде қарауға мүмкіндік беретін лингвистика; 2) заманауи білімді маманның мәдениеттанымдық құрамын қамтамасыз ететін әдебиеттану; 3) қазіргі мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі.</p> <p>3. Жоғары кәсіби профессорлық-оқытушылар құрамы, «Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері: абайтану және Әуезов» (ф.ғ.д., профессор Картаева А.М), «Ономастиканың аймақтық мәселелері» (ф.ғ.к., доцент Әлімхан А.Ә) ғылыми мектептерінің, «Абайтану» ғылыми-зерттеу институтының болуы.</p> <p>4. Жоғары оқу орны Свече қ. (Польша) университетінде Абай орталығы - халықаралық ынтымақтастықты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді (білім алушылар мен оқытушылармен кең академиялық және ғылыми алмасу мүмкіндігі; шетелдік оқытушылармен дәріс оқу; Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатысу).</p> <p>5. Аймақтық еңбек нарығында білім беру бағдарламасы түлектерінің жоғары сұранысқа ие болуы.</p> <p>6. Серіктес-жұмыс берушілермен бірге білім беру бағдарламасын жобалау.</p>
Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы	
БББ мақсаты	Оқыту үрдісін ұйымдастыруда кешенді білімі, теориялық-практикалық дайындығы, көшбасшылық қасиеті, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, қазіргі әлемде табысты қызмет етіп, өзге тілді аудиторияда конструктивті диалог құра алатын қазақ тілі мен әдебиетінің білікті педагогтарын даярлау.
БББ міндеттері	<p>1. білім алушыларды оқыту және дамыту, оқыту үдерісін ұйымдастыру және тәрбие беру, педагогикалық үдерістерді жоспарлау және басқару;</p> <p>2. жалпы білім беретін, техникалық және кәсіптік оқу орындарында білім беруде нақты жағдаяттарда әдістемелік білігі мен шеберлігін жүзеге асыру;</p> <p>3. білім беру саласында инновациялық тәжірибелерді зерттеу, қорыту, тарату;</p> <p>4. оқу-тәрбие жұмыстарын заңдар мен заңдылықтар, қағидаттар мен педагогикалық үдерістердің тәрбиелік механизмдері тұрғысынан жүзеге асыру;</p> <p>5. білім беру үдерісінде инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану</p>
БББ оқыту нәтижелері	<p>6B01704Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетібілім беру бағдарламасы бойынша білім алуды аяқтағаннан кейін бітіруші қабілетті:</p> <p>1. Кәсіби және өзге де қызметті жүзеге асыру үшін педагогикалық, ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды пайдалану дағдыларын көрсету.</p> <p>2. Педагогикалық процесті ұйымдастырудың әдіснамалық, теориялық, ғылыми, әдістемелік аспектілерін білу, қазақстандық білім беруді дамытудың стратегиялық мақсаттарын түсінуді жалпыфилологиялық мәдениетті меңгеру негізінде жүзеге асыру.</p> <p>3. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісінде білім алушылардың сыни және ассоциативті ойлауын, функционалдық сауаттылығын, әдебиеттану мен лингвистиканың теориялық негіздерін табысты бейімдеу дағдыларын жетілдіре отырып, ғылыми зерттеулер мен академиялық жазудың әдістері мен тәсілдерін игеру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>4. Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін ІТ, смарт - және стем-технологияларды, АКТ-ны өз бетінше пайдалана отырып, педагогикалық қызметте инновациялық идеяларды қолдану, өзіндік цифрлық білім беру ресурстарын құра алу.</p>

	<p>5. Экология және тіршілік қауіпсіздігі, экономика және кәсіпкерлік, құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, ғылыми зерттеулер жүргізу әдістері саласындағы жан-жақты дамыған тұлға ретінде білімдерін көрсету.</p> <p>6. Кәсіби, қоғамдық және өзге де қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу, іріктеу және қолдану дағдыларын көрсету.</p> <p>7. Қазақ тілінің орфографиялық, пунктуациялық нормаларына, жанрлық және стильдік талаптарына сәйкес әр түрлі мәтіндер әзірлеу.</p> <p>8. Басқа лингвосоциум өкіліне қазақ тілі мен әдебиетінің ұлттық ментальдік генезисін, даму сипатын, трансформациясын меңгерте отырып, біртұтас мәдениетаралық қарым-қатынас орнату.</p> <p>9. Сабақтың берілген мақсаттарына, білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне және оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарына сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқу материалдарын әзірлеу.</p> <p>10. Жас кезеңіне қарай өзге тілді аудиторияда тіл білімі мен сөз өнері бойынша диагностикалық бағдарламаларды, тұлғаның жеке қабілеттерін ескере отырып коллаборативті, бейімделген білім беру ортасын жобалау.</p> <p>11. Қазіргі заманғы филологиялық, педагогикалық зерттеулердің нақтылы нәтижелерін қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың озық тәжірибесімен біріктіру.</p> <p>12. Инклюзивті жүйенің қағидаттарын ескере отырып, тіл білімі және әдебиеттану ғылымдары саласындағы білім беру мен кәсіби қызметті бағалау.</p>
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Берілетін дәреже	6B01704 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім бакалавры
Лауазымдарының тізімі	қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі; қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы
Кәсіби қызмет объектісі	мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ұйымдары, бастауыш, негізгі және бейіндік мектептер, мамандандырылған мектептер, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары.

